«Сейфуллин оқулары – 18: « Жастар және ғылым – болашаққа көзқарас» халықаралық ғылыми - практикалық конференция материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 18: « Молодежь и наука – взгляд в будущее» - 2022.- Т.II, Ч.I. – С.117-119

АҚМОЛА ОБЛЫСЫ, ЦЕЛИНОГРАД АУДАНЫНДАҒЫ ЖАНУАРЛАРДЫҢ ИНВАЗИЯЛЫҚ АУРУЛАРЫ БОЙЫНШАЭПИЗООТИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

Раманкулов Қ. , 5курс студенті С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Ауыл шаруашылығы жануарларының инвазиялық аурулары айтарлықтай кеңтаралған, жануарлардың әртүрлі түрлерінің организмінде паразиттік инвазиялардың әртүрлілігі өтекөп. Паразиттер жануарлардың денесінде орналасып, ауруларды туды- рады, сонымен қатар өнімділікке әсер етеді. Шетелдік зерттеушілердің мәліметтері бойынша қойлардың асқазан-ішек паразиттерімен жұқтырудың орташа таралуы 100% құрады, нематодтардың үш тұқымдастары басымболды: *Trichostrongylus, Ostertagia* және *Nematodirus.,* негізгітүрлері *Trichostrongylusspp.* (59,2%) және *Ostertagiaspp.* (46%). Барлығы эймерияның 10 түрі атап өтілді, ең көп таралған түрлері E.bakuensis, *E.ovinoidalis, E.weybridgensis /crandallis, E.parva* және *E.ahsata*, ал азырақтар алғандары *E.faurei, E.granulosa, E.intricata* және *E.pallida.* Ересек қой немесе бір жасар қойларға қарағанда қозыларда нәжіспен көбірек ооцисталар бөлінді [1,2]. Жылқыларда стронги- ляттар, параскаридтер, оксиуралар, сондай-ақ гастрофил личинкалары асқазан-ішек жо- лында өмір сүретінең көп таралған паразиттік инвазиялар болып табылады [3].

Ақмола облысында ауылшаруашылығы жануарларының әртүрлі түрлерінде әртүрлі инвазиялық аурулар анықталды, өйткені Ақмола облысы аграрлық өңір болып табылады және ауыл шаруашылығы жануарларындағы паразитоздар тұрақты түрде анықталады.

Жұмыстың мақсаты – Ақмола облысы, Целиноград ауданында жануарлардың әртүрлі түрлері арасында инвазиялық аурулардың таралуын зерттеу.

Материалдар мен әдістер Гельминтоздар мен протозооздарды диагностикалау үшін гельминтоовоскопия, гельминтоларвоскопия әдістері қолданылды, криптоспоридий ооцистерін диагностикалау үшін Циль-Нильсен бойынша бекітілген жағындылардың бояуы қолданылды [4,5]. Жекелеген шаруашылықтар тексерілді жалпы 113 бас малдан инвазиялық ауруларға зерттеу үшін нәжіс сынамалары алынды.

1-кесте–
ТОО«Гессер»жәнеТОО«Белан»шаруашылықтарындағықоздырушыларының

Шаруашылықтынатауы	Жануар түрі	Зерттелінген малсаны	Анықталған қоздырушылар									
			Strongylataspp.		*Parascarisequorum*		*Oxyurisequi*		*Eimerialeuckarti*		*Eimeriasolipedum*	
			+	*ЭИ %*	+	*ЭИ %*	+	*ЭИ %*	+	*ЭИ %*	+	*ЭИ%*
ТОО «Гессер»	5-8 айлыққұлындар	28	22	78,6%	11	39,2%	8	28,5%	10	35,7%	5	17,8%
					C. parvum		*Eimeria zuernii*		*Eimeria smithi*			
					+	*ЭИ %*	+	*ЭИ %*	+	*ЭИ %*		
ТОО «Гессер»	7-14 күндік бұзаулар	7			4	57,1%						
ТОО «Гессер»	2-3 айлықбұзаулар	18					11	61,1%	5	27,8%		
ТОО «Белан»	ұсақмалдар	60	*Trichostrongylidae*		*Skrjabinemaovis*		*onieziaspp.*		*Eimerianaekohljakimovae*		*Eimeriaahsata*	
			+	*ЭИ %*	+	*ЭИ %*	+	*ЭИ %*	+	*ЭИ %*	+	*ЭИ %*
			29	48,3%	17	28,3%	22	36,7%	31	51,6%	23	38,3%
Барлығы		**113**										

Зерттеу нәтижелері. Целиноград ауданының тексерілген шаруашылықтарында 2020-2021 жылдар кезеңінде ауылшаруашылығы жануарларының әртүрлі түрлерінде инвазиялық аурулардың 14 атауы тіркелді: құлындарда стронгилятоздар-78,6%, параска- ридоздар- 39,2%, оксиуратоздар- 28,5%, эмериоздар 17,8-35,7%,7-14 күндік бұзауларда криптоспоридиоздар- 57,1%, 2-3 айлық бұзауларда эмериоздар - 27,8-61,1%, ұсақ мал- да стронгилятоздар - 48,3%, скрябинематоздар- 28,3%, мониезиоздар -36,7%, эйме- риоздар-38,3-51,6% жануарлардың әртүрлі түрлеріндегі инвазия (ЭИ) Экстенсивтілігі 17,8%-дан78,6%-ға дейін құрады.



а б в



г д е





ж з и

Сурет -1. а- *Strongylata spp.,Parascaris equorum;* б- *Trichostrongylidae*; в- *Trichostrongylidae,Eimeria ninaekohljakimovae;* г- *Moniezia spp.;* д- S*krjabinema ovis;* е-

Eimeria zuernii; ж- *Eimeriasmithi;* з-*C. parvum;u-Eimeria solipedum.*

Қорытынды. Осылайша, зерттелген шаруашылықтарда 2020-2021 жылдар аралығында жылқылардағы стронгилятоздар - 78,6%, бұзаулардағы криптоспоридоздар - 57,1% және ұсақ малдарда эймериоздар 51,6% басымболды.

Әдебиеттер тізімі

1.Fleming S, Craig T, Kaplan RM, et al. Anthelmintic resistance of gastrointestinal parasitesin small ruminants. J Vet Intern Med 2006,p. 435–444.
2.Zajac AM, Conboy GA. Fecal Examination for the diagnosis of parasitism. In: VeterinaryClinical Parasitology, 7th edition. Ames: Blackwell Publishing; 2006. p. 3–142.
3.Кәдіров Н.Т., Есімбеков Ж.М., Ыскаков М.М., Егізбаева Х.Е., Ыбраев Б.К., Танра- ев А.Д., Тоқпан С.С. Паразитология және жануарлардың инвазиялық аурулары. Оқулық, Астана 2013, 194-207 бет.
4.Панировский Е.Н. Протозойные болезни / Е.Н Панировский, Г.В. Ни, П.И. Христиановский .- Оренбург: Издательский центр ОГАУ,2000-108с.
5.Дзержинский В.А., Серикбаева Б. К., Бакиров Б.Е. Смешанные инвазии эймерий и гельминтов у овец в Южно-Казахстанской области // Теория и практика борьбы с парази- тарными болезнями: матер. докл. науч. конф. Вып. № 5. М., 2004. 138–140 с.